



«Х.Досмұхамедова атындағы Атырау» университеті КеАҚ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН
«Х.Досмұхамедова атындағы Атырау»
университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
С. Н. Идрисов
"20" 08 2024ж.

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 226

Атырау, 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	2 бет – 11 беттен

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Жасақталды:	Ғылым департаменті директоры	А.М. Бакирбекова		8.07.24
	Ғылыми - зерттеу қызметінің мониторингін дамыту бөлімі маманы	Г.А.Макашева		08.07.24
Келісілді:	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	К.М. Утепкалиева		12.07.24
	Мониторинг және сапа кеңсесінің басшысы	Ж.Т.Кайшыгулова		16.07.24
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		9.10.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КсАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	3 бет – 11 беттен

1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Белгілер мен қысқартулар	4
5	Жалпы ережелер	4
6	Мақсаты мен міндеттері	5
7	Басшы мен зерттеу ұжымына қойылатын талаптар	6
8	Есеп беру	7
9	Ғылыми мектепті тіркеу / қайта ұйымдастыру / тарату	8
10	Өзгерістер енгізу және тарату	8
11	Танысу парағы	9
12	Өзгертулер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10
13	Қосымшалар	11

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	4 бет – 11 беттен

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Осы ғылыми мектептер туралы Ереже (бұдан әрі мәтін бойынша-ереже) «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы ғылыми мектебін қалыптастыру мен қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, оның құрамын, құрылымы мен жұмыс тәртібін айқындайды. Ғылыми мектеп қызметінің негізгі қағидаттары: ғылыми, жүйелілік, перспективалық, пәнаралық, халықаралық деңгей, ынтымақтастық, қолданбалы сипат және нәтижелілік болып табылады.

1.2. Ереже нормативтік құжаттаманың құрамына кіреді және оның талаптары барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Бұл құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес жасақталған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы.

3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Ғылыми мектеп (ҒМ) - ұзақ мерзімді кезеңде жетекшінің (мектеп жетекшісі) басшылығымен нақты тұжырымдалған ғылыми тапсырманы немесе міндеттер кешенін шешетін белгілі бір ғылыми-зерттеу бағдарламасын орындайтын ғалымдар тобы немесе зерттеушілер тобы.

"Science-Cafe" - ғылымға, өзекті ғылыми зерттеулердің жаңа нәтижелеріне, өнертабыстар мен технологияларға қызығушылық танытатын ғалымдардың, жас мамандардың, магистранттар мен студенттердің бейресми қарым-қатынасына арналған пікірталас алаңы.

4. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ҒМ - ғылыми мектеп

ҒЗЖ - Ғылыми-зерттеу жұмысы

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Ғылыми мектеп - ғылымның белгілі бір саласында немесе ғылымдар тоғысында танылған ғалымдардың басшылығымен жүзеге асырылатын өзекті ғылыми мәселелерді шешудегі университеттің әртүрлі жас топтары мен ғылыми біліктілерден қалыптасқан зерттеушілер ұжымы (профессорлар, оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, докторанттар, магистранттар, студенттер) дамытады.

5.2 Ғылыми мектептің қызметі мектептің ғылыми жетекшісінің басшылығымен жүзеге асырылады. Ғылыми мектептердің мониторингтік жұмысы Ғылым департаментімен жүргізіледі.

5.3 Осы Ережемен, ҒМ ҚР заңнамасына, университеттің Жарғысына және Басқарма төрағасы - ректордың бұйрықтары мен өкімдеріне, перспективалық және жылдық жұмыс

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	5 бет – 11 беттен

жоспарларына, университет бөгде ұйымдармен жасасатын шарттарға сәйкес ғылыми-зерттеу, ғылыми-жобалау, ғылыми-ұйымдастыру, үйлестіру, енгізу және өзге де қызметті жүзеге асырады. Өз қызметін ұйымдастыру мәселелерінде ҒМ университеттің сапа менеджменті кеңсесінің (СМК) базалық құжаттары мен негізгі құжатталған рәсімдеріне негізделеді.

5.4 ҒМ өз қызметін өзін-өзі басқару, қызметтің ашық сипаты, ғылыми жұмыс этикасы қағидаттарында жүзеге асырады, "Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ базасында ғылыми қызмет бағыты бойынша кафедраларды кластерлеу жолымен қалыптастырылады.

5.5 Ғылыми мектеп ғалымдарының ұжымы ғылыми мектеп басшысының жетекшілігімен зерттеу бағдарламасын әзірлейді.

5.6 Ғылыми мектептің ұжымына мыналар кіреді:

- ғылыми мектептің жетекшісі - осы ғылыми бағытта танылған ғалым, ғылым докторы, кандидаты, PhD университеттің штаттық қызметкері болып табылатын, іргелі, іздестіру, қолданбалы зерттеулер мен әзірлемелерге басшылық ету тәжірибесі бар, оның ішінде бастамашыл, мемлекеттік гранттық жобалар, нысаналы бағдарламалар, мемлекеттік тапсырмалар, коммерцияландыру жобалары, жергілікті атқарушы органдар, субъектілер шеңберінде іске асырылатын бизнес, ғылыми қорлар.

- профессор-оқытушылар құрамы, университеттің ғылыми қызметкерлері, оның ішінде жас зерттеушілер (40 жасқа дейін);

- университеттің бакалавриат студенттері, магистранттар, докторанттар.

5.7 Ғылыми мектеп университеттің ғылыми мектебінің өкілдерімен бірлесіп белгілі ғылыми бағыт бойынша ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жүзеге асыратын шетелдіктерді қоса алғанда, басқа жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың өкілдерін қамтуы мүмкін.

6. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 ҒМ қызметінің мақсаты:

Теория мен практика үшін өзекті ғылыми білімді құру және осы негізде ғылыми әлеуетті дамыту, Атырау университетінің ғылыми қоғамдастығында ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету, кафедралардың, университеттің ғылыми қоғамдастықтарының ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қызметін ынталандыру, ғылым мен білім берудің интеграциясын одан әрі дамыту болып табылады.

6.2 Тапсырмалар

6.2.1 Ғылымның өзекті мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын ұйымдастыру, ғылыми нысандары және өзге де қорлардан гранттар мен ұсыныстар көздерін табу.

6.2.2 ҒМ бағыттары бойынша ғылыми іс-шараларды (конференциялар, «дөңгелек үстелдер», секциялар, симпозиумдар және т.б.) ұйымдастыру және өткізу.

6.2.3 Талантты жастарды ғылымға тарту, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми біліктілігін арттыру.

6.2.4 Ғылыми және педагогикалық қызмет тәжірибесіне ҒМ өкілдерінің ғылыми жұмысының нәтижелерін енгізу.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	6 бет – 11 беттен

6.2.5 Ғылыми жұмысты ұйымдастыруға, заманауи әдіснамалық тәсілдерді, жаңа ақпараттық білім беру технологияларын таратуға жәрдемдесу арқылы ҒМ өкілдерінің шығармашылық қабілеттерін неғұрлым толық ашу үшін жағдайлар жасау.

6.2.6 Университеттің білім беру қызметіне ҒМ ғылыми-зерттеу жұмысының (бұдан әрі - ҒЗЖ) нәтижелерін енгізу жөніндегі қызметті ұйымдастырушылық сүйемелдеу. Ғылыми және педагогикалық қызмет тәжірибесіне ҒМ өкілдерінің ғылыми жұмысының нәтижелерін енгізу.

6.2.7 Университеттің және сыртқы ұйымдардың ҒМ ҒЗЖ нәтижелеріне, ғылыми жобалар нарығына, осы ғылыми бағыт шеңберінде жүзеге асырылатын іргелі және қолданбалы зерттеулерді, ғылыми әзірлемелерді қаржылық және өзге де қолдау мүмкіндіктеріне қажеттіліктерін мониторингілеу;

6.2.8 "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ интернет-порталының ғылыми бөліміне және мерзімді басылымдарына материалдар дайындауды, сондай-ақ университеттің білім беру қызметіне ғылыми мектептің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін енгізу жөніндегі қызметті мен өз қызметін ақпараттық сүйемелдеу;

6.2.9 Ғылыми мектеп өкілдерін, оның ішінде электрондық ғылыми басылымдарда ғылыми-әдістемелік, ақпараттық материалдарды, жинақтар мен жекелеген ғылыми жұмыстарды басып шығаруға дайындау.

6.2.10 Университетте ғылыми коммуникацияларды дамытуға жәрдемдесу, жинақталған ғылыми-теориялық тәжірибені енгізу немесе эксперименттік тексеру бойынша ҒМ өкілдерінің (Профессорлар, оқытушылар, ғалымдар, ғылыми қызметкерлер, магистранттар, докторанттар, студенттер) ғылыми-зерттеу жұмысы саласында, бейінді ғылыми-зерттеу қолданбалы зертханасымен, Science safe-мен өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру.

6.2.11 Оқу үрдісін ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен байыту, білім алушыларды мектептің ғылыми зерттеулерімен таныстыру.

6.2.12 Университет ғалымдары, университеттің құрылымдық бөлімшелері, жас ғалымдар кеңесі, университеттің ғылыми мектептерімен және басқа да жоғары оқу орындарымен кері байланыс жүйесін қолдау, бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында ҒЗЖ ұйымдастыру тәжірибесін зерделеу, университет жұмысына жаңа нысандар мен әдістерді енгізу, сондай-ақ ҒМ қызметінің тиімділігін арттыру.

6.2.13 Ғылыми байланыстарды ұйымдастыру үшін ғылыми қорлар, қауымдастықтар, кеңестер және бөгде ұйымдар мен мекемелермен, сондай-ақ Қазақстанның, ТМД-ның және шет елдердің ғылыми орталықтарымен өзара әріптестік қатынастар орнату, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру және ҒМ ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға сыртқы ақша қаражатын тарту.

7. БАСШЫ МЕН ЗЕРТТЕУ ҰЖЫМЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Университеттің ғылыми мектебін тіркеуге жалпы ғылыми бағыт бойынша зерттеулер жүргізумен біріктірілген, талаптарға сай келетін зерттеу ұжымдары үміткер бола алады:

7.2. Ғылыми жетекшіге қойылатын талаптар:

7.2.1. ғ. д.ғ. к./PhD дәрежесі бар университеттің штаттық қызметкері;

7.2.2. Ғылым магистрлері/PhD сияқты кем дегенде 2 ғалымды дайындаған;

7.2.3. Web of Science немесе Scopus халықаралық рецензияланатын базаларының журналдарында (соңғы 5 жылда кемінде 2), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ғылым

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	7 бет – 11 беттен

және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған басылымдарда жарияланымдары бар;

7.2.4. Республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға, симпозиумдарға, онлайн Конгрестерге және т.б. тұрақты қатысушы;

7.2.5. Зерттеу ұжымы мүшелерінің құрамынан автордың (авторлардың) осы ғылыми бағыт бойынша соңғы 10 жылда жарияланған кемінде бір монографиясының немесе әдістемелік құралының бәлуы;

7.2.6. Ғылыми мектеп ғалымдарының басшылығымен дайындалған магистрлік және докторлық диссертацияларды (5 жылда кемінде 2) қорғау;

7.2.7. Жетекші шетелдік және қазақстандық жоғары оқу орындарының тұрақты бірлескен ғылыми жұмыстары мен жарияланымдарының болуы (өңірлік, республикалық және халықаралық ғылыми бағдарламалар, гранттар және т.б бойынша ҒЗЖ орындауға қатысу);

7.2.8. Гранттық қаржыландыру бойынша ҒЗЖ зерттеу тобындағы жұмыс тәжірибесі, ҒЗЖ қаржыландыратын конкурстарға қатысу және/немесе гранттармен қолдау көрсетілетін Ғылыми Мектеп тақырыбы бойынша ҒЗЖ орындау;

7.2.9. Қорғау құжаттарының болуы.

7.3. Зерттеу тобына қойылатын талаптар:

7.3.1. Зерттеушілер ұжымының құрамына бір кафедрадан 5 адам кіруі мүмкін. Құрамында ғылыми дәрежесі (г. д./ғ. к./PhD) бар ғалымдардың бірнеше буыны, сондай-ақ жас ғалымдар (40 жасқа дейін), докторанттар, магистранттар және бакалавриат білім алушылары болуы тиіс;

7.3.2. Осы бағыт бойынша ғылыми жұмыстарды жариялау үшін ҒЖБССҚК ұсынған импакт - фактор индексі бар басылымдарда университеттің штаттық құрамы қатарынан ҒМ өкілдерінің жарияланған және жариялауға қабылданған мақалалары;

7.3.3. Шетелдік ғалымдармен бірлесіп жарияланған ғылыми еңбектері;

7.3.4. Зерттеу ұжымының мүшелері ғылыми баяндамалары бар республикалық/халықаралық конференцияларға, қазақстандық және халықаралық көрмелерге қатысуға тиіс;

7.3.5. Зерттеу ұжымының мүшелері соңғы 5 (бес) жылда ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда және шетелдік рецензияланатын басылымдарда жариялаған кемінде 5 (бес) ғылыми мақаланың болуы.

8. ЕСЕП БЕРУ

8.1. Ғылыми мектептердің міндеттерін орындау мониторингін осы Ереженің 3 - қосымшасына сәйкес оқу жылының қорытындысы бойынша ғылым департаменті жүзеге асырады.

8.2. Ғылыми мектептер қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі көрсеткіштері:

8.2.1. Ғылыми мектептің зерттеу ұжымы жариялаған мақалалар саны, оның ішінде web of Science, Scopus халықаралық рецензияланатын базаларының журналдарында немесе басқа да базаларда немесе ҒЖБССҚК бекіткен басылымдарда, монографиялар, оқулықтар, әдістемелік құралдар, бейне дәрістер және ғылыми мектептің зерттеу бағыты бойынша өзге де ғылыми еңбектер;

8.2.2. Ғылыми мектеп қызметінің бағыты бойынша ұжымдық ғылыми зерттеулердің, оның ішінде олардың нәтижелерін қолданбалы пайдалануға бағытталған іргелі зерттеулердің саны;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	8 бет – 11 беттен

8.2.3. Ғылыми мектептің зерттеу бағыты бойынша әзірленген жеке теориялардың, тұжырымдамалардың, бағдарламалардың және басқалардың саны;

8.2.4. Ғылыми мектеп шеңберінде қорғалған докторлық, магистрлік диссертациялар саны;

8.2.5. Республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми мектеп қызметінің бағыты бойынша ғылыми-өкілдік іс-шаралар саны (конференциялар, симпозиумдар, семинарлар және басқалар);

8.2.6. Ғылыми мектеп алған гранттар саны;

8.2.7. Алынған қорғау құжаттарының саны.

8.3. Ғылыми мектептің басшысы жүргізілетін ғылыми зерттеулердің дұрыстығына, негізділігіне, нәтижелердің объективтілігіне, сондай-ақ тиісті салада әлемдік ғылымның сенімді жаңа ғылыми деректерін қамтамасыз етуге дербес жауапты болады.

9. ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІ ТІРКЕУ / ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ / ТАРАТУ

9.1. Ғылыми мектепті құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері ғылым департаментінің ұсынысы бойынша "Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ Ғылыми кеңесі отырысының шешімімен реттеледі. Оң шешім қабылданған жағдайда Басқарма Төрағасы - Ректордың бұйрығымен ғылыми мектеп "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ-да ресми тіркелген болып есептеледі.

9.2. Ғылыми мектептің мәртебесі туралы оң шешім болмаған жағдайда, ең төменгі талаптарға және/немесе осы мәртебені беру себептерінің неғұрлым кең негіздемесіне қол жеткізгеннен кейін қайта өтінім берілуі мүмкін.

9.3. Қалыптасқан ғылыми мектеп осы Ереженің талаптарына сәйкес, сәйкестік мәніне ресми сараптамадан өту үшін ғылым департаментінің қарауына құжаттар тапсырады.

9.4. Ғылыми мектептің басшысы мектепті одан әрі тіркеу үшін және осы Ереженің 1,2 қосымшасына сәйкес құжаттарды ғылым департаментіне ұсынады.

9.5. Ғылыми мектепті тарату:

9.5.1. Бұрын осы Ережеде көрсетілген ғылыми мектеп мәртебесі берілген талаптарға ғылыми ұжым сәйкес келмеген жағдайда, "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті" КеАҚ Ғылыми кеңесі хаттамамен ресімделетін ғылыми мектепті тарату туралы шешім қабылдайды.

9.6. Ғылыми мектептің жұмысын тоқтату:

9.6.1. Оның зерттеу бағдарламасын сарку немесе актуализациялау, сондай-ақ оның соңғы екі жылдағы өнімсіздігін анықтау;

9.6.2. Мектеп басшысының жұмысын тоқтату және лайықты мұрагердің болмауы.

10. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Ережеге немесе оның жаңа басылымына өзгерістер мен толықтырулар әзірлеуді ғылым департаментінің директоры жүзеге асырады.

10.2 СМК үшін жауапты университет қызметкеріне құжатталған Ереженің бекітілген нұсқасын ұсынуға ғылым департаментінің директоры жауапты болады.

10.3 Түпнұсқаны сақтау үшін жауапкершілік ғылым департаментінің маманына жүктеледі

10.4 Бекітілген Ереженің электрондық нұсқасы университеттің электрондық құжат айналымы жүйесіне орналастырылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х. Досмұхамедова атындағы Атырау университеті» КсАҚ	Бірінші басылым
	Ғылыми мектептер туралы ереже	11 бет – 11 беттен

Қосымша 1

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ БІЛІКТІЛІК КАРТАСЫ
(тіркеу туралы өтінім берілген күні бойынша толтырылады)

1.	Ғылыми мектептің атауы	
2.	Ғылыми мектеп туралы жалпы мәліметтер	
2.1.	Ғылыми мектептің жетекшісі (Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орны, лауазымы)	
2.2.	Ғылыми мектептің сандық құрамы (адам)	
2.3.	Ғылыми мектептің біліктілік құрамы (адам):	
	- мемлекеттік мәртебесі бар Ғылым академияларының академиктері мен корреспондент-мүшелері;	
	- Ғылым докторы;	
	- Ғылым кандидаты;	
	- PhD;	
	- магистрлер;	
	- бакалаврлар;	
2.4.	Ғылыми мектеп ұжымы мүшелерінің орташа жасы (жас).	
2.5.	PhD, магистранттар, бакалаврлар саны	
2.6.	Бакалавриат студенттерінің саны	
3.	Ғылыми мектептің ғылыми-техникалық жетістіктері	
3.1.	Ең үлкен ғылыми нәтижелер	
3.2.	Алынған ғылыми нәтижелерді практикалық қолдану	
3.3.	Қаржыландырылатын бағдарламалар мен гранттар конкурстарына қатысу	
3.4.	Ғылыми-қоғамдық тану (республикалық және шетелдік сыйлықтар, құрметті атақтар және т.б.)	
3.5.	Соңғы бес жылда дайындалған ғылым докторлары мен кандидаттарының, магистрлер мен PhD докторларының саны	
3.6.	Соңғы бес жылдағы негізгі басылымдардың саны	
3.7.	Соңғы бес жылдағы авторлық куәліктердің саны	

Ғылыми мектептің жетекшісі _____ / _____ /
(Қолы) (Т.А.Ә.)

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП БАСШЫСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР
(соңғы 5 жылда)

Ғылыми мектептің жетекшісінің Т.А.Ә.	(ғылыми мектептің атауы)				Web of Science, Scopus немесе басқа халықаралық журналдарда жарияланған мақалалар саны	Осы ғылыми бағыт бойынша жарияланған монографиялар саны	ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдарда жарияланған және жариялауға қабылданған мақалалар саны	Әзірлеуге берілген авторлық куәліктердің саны
	Осы ғылыми бағыт бойынша қорғалған диссертациялар саны			Magistrлар				
	Докторлар	PhD						
1	2	3	4	5	6	7	8	

Ғылыми мектептің жетекшісі

/ (Қолы) / (Т.А.Ә.)

ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

(ғылыми мектептің атауы)

Ғылыми мектеп жетекшісінің Т.А.Ә.	Ғылыми мектептің зерттеу ұжымының жариялымдар саны					Қорғалған докторлық (PhD), кандидаттық, магистрлік диссертациялар саны	Ғылыми өкілдік іс-шаралар саны (конференциялар, симпозиумдар, семинарлар және басқалар)		Қорғау құжаттарын ың саны	Ғылыми мектеп алған гранттар саны
	Мақалалар		Монографиялар	Оқулықтар/әдістемелік құралдар	Өзге де ғылыми еңбектер		Республикалық деңгейде	Халықаралық деңгейде		
	Web of Science, Scopus шетелдік басылымдарында немесе басқала базаларда	ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған журналдарда								
1	2		3	4	5	6	7		8	9

Ғылыми мектептің жетекшісі

/ (Қолы) / (Т.А.Ә.)